

бүкіл Қазақстан бойынша табиғи ортаны сақтау үшін адамзаттың өз үлесін қосуына итермелейді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995ж.
- 2.1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азамттық кодексі.
http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_
- 3.Колбосов О.С. Правовые вопросы охраны природы.М.:ИГПАН, 1963. – 216 с.
- 4.Петров В.В. Экологическое право. – Москва, 2011.- С.98-99.
- 5.1995жылғы 21 қарашадағы «Атомдық энергияны пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңы.
- 6.Жусупбекова М. К. Қоршаған ортаны қорғаудың конституциялық негіздері // Молодой ученый.-2017.-№20.-С.8-10.
- 7.Васильева М.И. О применении в праве экологических критериев благоприятности окружающей среды // Гос. и право.- 2002.-№11. –С.84-89.

МЕМЛЕКЕТТІК ЕГЕМЕНДІКТІ БЕКІТУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Какимова М.Ш.,

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры, заң ғ.к.

Туякова Н.Б.,

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің аға оқытушысы

Қоғамның жетілген құрылымын мәңгі іздеу халық егеменділігінің идеясына философиялық ой пікір қосуға әкеп соқтырады. Осындай пікірді білдіруші Жан-Жак Руссо, егемендікті таратушы ретінде монархияны, аристократияны, парламентті мойындамады, тек қана егеменділіктің бір ғана субъектісі - халық деп таныды [1, 253].

XX ғ. басында американдық саяси мектеп күштеп сендіру арқылы емес, құқық тәсілі арқылы мемлекеттік егеменділікті негіздеуге бейім болды. Егемендік теориялық аспектіні қарастырсақ, «егемен» деген түсінік «мемлекет» деген түсінікпен бірге XIX ғасырдың соңында кеңінен тарады және осыған байланысты елдің және оның халқының дербестігі, тәуелсіздігі туралы түсінік білдірді. Жаңа заманның ертерек дәуірінде жоғарғы биліктің егемендігі идеясын тану, мемлекеттерді тану, мемлекеттерді біріктіру, феодалдық ұрыс-таласты жеңу және ішкі тыныштықты орнықтыру ісінде маңызды рөл атқарды. Егемен және егемендік мемлекет үшін бұл ішкі және сыртқы қол сұғудан тәуелсіз және еркін болудың құқығы ғана болып қоймай, сондай-ақ ол басқару, билік жүргізу құқығы, шешім қабылдау, жоғары биліктің барлық қызметін атқару еркіндігі де болатын. Мемлекетті шектемекші болған жеке дара билікпен үздіксіз күресте және азаматтық қатынастар мен құқықтық мемлекет процессінің қалыптасуында егемен түсінігі жеке адам билігінен мемлекет билігіне, халықтың, қоғамның, ұлттың, жеке адамның құзырына тарады.

Орта ғасырдағы егемендік туралы ілімді жетілдіру және соңғы ғасырда оны дамыту, осы уақытқа дейін мемлекеттің болашақ тағдырына көзқарасы - егеменділіктің мәнін тану бір келкі емес процесстің органикалық бөлімдерінің нәтижесі. Жоғарыда айтылған ой пікірлер белгілі бір мөлшерде қазіргі XX ғасыр соңындағы мемлекеттік материяда өздерінің жүзеге асырылуын табады. Бірақ егеменділіктің нақты бір идеясын көруге болатын мемлекеттік нысан мен институттардың сан-алуан болуы осы егемендікті таратушының арқасында емес, ол адамзат тарихының мыңжылдық тереңінде жасырынған жалпы байланыстылықтың арқасында пайда болған.

Сондықтан да, өзара тәуелді, этникалық, әлеуметтік көп қабатты және экономикалық байланысқан әлемде мемлекеттік егемендік идеясы өмір сүреді. Ол орта ғасырларда белгілі бір Еуропалық қағида түрінде ұғынылғаннан кейін іске асырыла бастады. Қоғамда

қандай қарама-қайшылық болуына қарамастан, тайпалық, ұлттық, жеке тұлғалар арасында жалпы әлеуметтік сипатқа ие, олардың шығуына онтологиялық себебі болатын, олардың әртүрлі нысандары мемлекеттілікті өмірге сырттай шақырды.

Егеменділік мәселесі жөнінде кеңестік дәуірдегі мемлекет танушылардың өте көп жұмыстарының негізгі анализі сипатты бір бөлшекке көңіл аудартқызады. Олардың бәрінде мемлекеттік егеменділік - сипат ретінде сирек белгілі, кейде - мемлекеттің немесе мемлекеттік биліктің жағдайы ретінде ұғынылады және ешқашан мемлекеттің мәні ретінде ұғынылмайды. Егеменділік - мемлекеттің өз территориясында толық билік ету мен басқа мемлекеттерден тәуелсіздік жағдайы - деп И.Д.Левин жазған. А.И.Лепешкин егеменділікті мемлекеттік биліктің сипаты ретінде анықтады «оның күшіне өз қызметін жүзеге асыруы елдің ішінде және басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынаста мемлекеттік биліктің тәуелсіз және дербес болуы жатады». Н.А.Ушаков үшін «Егеменділік – кез-келген мемлекеттің қажетті саяси - заңды сипаты». Б.Л.Манелистің пікірінше егеменділік «мемлекеттің өмір сүруінің барлық жақтарын анықтайтын қағида» [2, 4-5].

Жоғарыда келтірілген анықтамаларды талдауды ескере келе, егеменділікті сипат ретінде дәстүрлі түсіну деген сұрақ туындайды. Ғылыми тұрғыда егеменділік дегеніміз - мемлекеттік билік тарапынан маңызды немесе қандай-да бір белгінің көрінуі. Бір жағдайда, бұл сипат болуы мүмкін, ал басқаларында болмауы мүмкін, сондықтан мемлекеттік биліктің мәнін жоғалтпайды және өмір сүру қабілеті әсер етпейді. Алайда сұрақтар туындайды. Егер егеменділік мемлекеттік биліктің өзі болмаса, онда егеменділіксіз мемлекеттік билік дегеніміз не? Ол басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар және үкіметпен арнайы мойындалуы мүмкін, мемлекеттік биліктің жарғысын орнату үшін күрес жүргізуші немесе азаматтық соғыс кезінде елдің тек жарты территориясын қадағалаушы үкімет. Мұндай жағдайда елдің егеменділігі туралы сұрақ халықтық құқық тұрғысынан, әдетте күмән келмейді. Бірақ мемлекеттік биліктің нақты жағдайы тұрғысынан егеменділік үлкен жұмбақта тұр.

Егемендік мемлекеттілік биліктің басқа түрлері мен көріністерінен белгілі бір аумақта жоғары тұруы аумақтың біртұтастығы мен бөлінбейтіндігі, аумақтық шекараның мызғымайтындығы және ішкі істерге араласуға болмайтындығы сияқты негізгі принциптерді қарастырады. «Мемлекеттің егемендігі» - деп жазады белгілі ғалым Г.С.Сапарғалиев - ол оның өзінің ішкі және сыртқы қызметін атқарған кезде басқа мемлекеттер ықпалына тәуелсіз және дербес екендігін сипаттайтын белгісі болып табылады. [3, 124]

Академик С.З.Зиманов «Одақтық келісім шарт және республика егемендігі» деген еңбегінде мемлекет егемендігінен оның өз аумағындағы мемлекеттік биліктің ең сыртқы күштерден тәуелсіз екендігін шығарып тастауға болмайтынын айтады. [4, 11]

Сонымен, Қазақстан ғалымдары пікірімен келісе отырып егемендікке мемлекеттік билік деген түсінік тән деп санаймыз. Сөйтіп, егемендік - мәндік қасиет, дәлірек айтқанда, мемлекеттік биліктің мәні және ол мемлекеттік биліктің субстанциясы. «Егемендік - мемлекеттің мәні мен ұйтқысы», өйткені ол билікті, халықты және аумақты біріктіреді. Осы тұрғыдан егемендік өзінен-өзі туындайтын және тұтастықты құрайтын жүйе болып саналады. Егемендік - қоғамның бүкіл саяси жүйесінің шоғырланған көрінісі, «егемендік категориясының» жалпы сипаты бар, мемлекет мәнінің абстрактылы көрінісі және барлық басқа мемлекеттік түсініктерді өзіне бағындырушы ретінде көрінеді. Егемендік мемлекеттің нақты белгілері мен қасиеттерінен және оған берілетін анықтамалардан жоғары ұғым. Егемендік қоғам үшін әрі құрал, әрі мақсат, ол кеңістікте де, мезгілде де бар, өйткені осы қоғам үшін мемлекеттің қазіргісі мен болашағын құрайды.

Біздің республиканың егемендігі оның мемлекеттігінің өмір сүруінің табиғи және қажетті жағдайы. Ең алдымен ол мемлекеттіктің барлық элементтерін бекітуге, азаматтардың өз мемлекетімен өзіндік тарихи жолымен, аумақтық тұтастығын және әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға бағытталған. Егемендік иесі және мемлекеттік биліктің

көзі көпұлтты халық болып табылады. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы - халық. Халықтың егемендігі конституциялық институттар жүйесі ретінде халықтың мемлекеттік үкіметінің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтары түрінде жүзеге асуымен байланысты. Демократияның Конституцияда бекітілген негізгі түрлері халық егемендігінің конституциялық институттарына айналады, халық билігі тетігінде ерекше орын алады, халық билігін жүзеге асырудың негізгі түрлерін көрсетеді.

Халық - биліктің көзі ғана емес, ол сондай-ақ биліктің субъектісі. Оны Қазақстан Республикасының Конституциясы бекітеді: «Халық билікті республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді». «Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады. Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде парламенттің құқығы бар». [5]

Халықтық және мемлекеттік егемендіктің диалектикалық бірлігі мемлекеттік органдардың практикалық қызметінде іске асады, олар бүкіл халықтың мүддесі үшін билікті жүзеге асыруға тиіс. Бұл тұрғыдан мемлекет халықтың толық билік иесі екендігін, ұлттың егемендігін, мемлекеттік биліктің ең жоғарғы күшке ие екендігін көрсетуге тиіс.

Мемлекеттік биліктің бірлігі мемлекетте бір ғана мемлекеттік билік болатындығын білдіреді, ол тәуелсіз толық билікті бөлімдерге бөлінбейді. Биліктің бөлінуі мәні жағынан біртұтас мемлекеттік егемендіктің бөлшектенуі емес, өйткені биліктік өкілеттіктер ғана билік тармақтары арасында шектеледі, бірақ ол егемендік емес. Мемлекеттік биліктің бөлінуі, ал олардың әрқайсысының дербес қызмет етуі біртұтас мемлекеттік егемендік ішінде жүріп жататын процесс. Осындай жағдайда әртүрлі құрылымдардың бірінің екіншісіне бағындырылуы жасалмайды, тек заң бойынша олардың құзыры мен жауапкершілігі ғана анықталады. Осыдан барып мемлекеттің тұтастығы, саяси толыққандылығы қалыптасады. Мемлекеттік биліктің үстемдігі оның елдің бүкіл аумағы бойынша бір орталықтан белгіленген құқықтық тәртіп орнатуға және ұстап тұруға іс жүзіндегі қабілеттілігі мен құқықтық мәселелерді шеше алатынын, лауазымды адамдар мен азаматтарға құқық пен міндеттерін анықтап бере алуын, ұжымдарды заңды тұлға деп тани алатынын көрсетеді.

Мемлекеттік биліктің тәуелсіздігі оның мемлекетаралық қатынастарға егемендігінің бейнесі. Ол мемлекеттің басқа мемлекет билігіне бағынбайтындығын, оның дербестігін, сыртқы саясаттағы даусыз құқылы субъект екендігін білдіреді. Ешқандай да басқа мемлекет келесі бір мемлекеттің ішкі ісіне араласуға құқығы жоқ, өйткені олар егемендігі жағынан тең құқылы. Мемлекеттердің егемендік теңдік қағидасы БҰҰ Жарғысында бекітілген және ол бойынша барлық мемлекеттер аумағының мөлшеріне, халқының санына, табиғи ресурстарының барлығына қарамастан: біріншіден, заң бойынша тең, екіншіден барлық мемлекеттерге толық егемендік тән, үшіншіден мемлекет басқа мемлекеттерден құқығын сыйлауға міндетті.

Қолданылып келген, бұрыннан қалыптасқан мемлекеттік шекараға қол сұғуға болмайды немесе елдің еркіне және қалыптасқан тәртіпке қарамай басып өту – заңсыздық. Аумақты күшпен тартып алу, қосып алу немесе бөлшектеу халықаралық қауымдастық тарапынан елдің аумақтық тұтастығынан қол сұғу және халықаралық құқықтың жалпы қабылданған принциптерін дөрекі бұзушылық деп бағаланады. Мұндай әрекеттің қайсысы болмасын, ол қай жақтан шықпасын, мемлекет оған өзінің қарулы күштерінің барлық қуатымен тойтарыс беруге құқылы. Бұл оның мемлекет ретіндегі егемендік құқығы. Бұл жағдай іс жүзінде барлық ТМД елдерінің конституцияларында бекітілген. Қазақстан Республикасы Конституциясында жазылған: «Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қолсұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді» [5].

Осы тұрғыдан қарағанда Қазақстанның мемлекеттік егемендігі, біріншіден, мемлекеттік биліктің жоғарылығын, екіншіден, халықтың еркінің үстемдігін, үшіншіден

құқықтың үстемдігін және төртіншіден, азаматтар ұлтына және нанымына қарамай заң алдында тең құқықты екендігін білдіреді. Қазақстан Республикасы көпұлтты мемлекет болғандықтан оның аумағында тұратын барлық халық үшін шын мәніндегі Отанына айналды. Сонымен бірге «ұлттық мемлекеттілік» халықтың өз тағдырын өзі шешу құқығын бейнелейді және оның нақты ұйымдасқан түрі белгілі бір ұлттың немесе халықтың атымен аталады, мінеки осылай өз тағдырын өзі шешудің субъектісіне айналады.

Егеменділік теориясында мемлекет пен ұлт екі егеменді тұлға ретінде ерекшеленбейді. Қоғамда биліктің қайнар көзі мен таратушысы - мемлекет болып ұйымдасқан бір ғана және бөлінбейтін біртұтас ұлттар болып табылады. Тәжірибеде ұлттық егеменділік концепциялары кейінгі жүзжылдықтың 20-30 ж. басында Италия мен Германиядағы ұлттық - әлеуметтік партиялардың бағдарламаларында көрніс тапты.

Ұлттық мемлекеттіліктегі ұлттық егемендік, егемендіктің түрі ғана емес, сонымен бірге оның мазмұны. Ұлттық мемлекеттегі ұлттық мәселе қоғам өміріндегі барлық құбылыстармен өзара тығыз байланысты. Ұлттық, қазіргі кездегі түсінік бойынша ұлттың ең алдымен әлемдік өркениеттің жетістіктерімен, жалпы адамзаттық құндылықтардың басымдығымен үйлесім табуы және нығаюы негізінде жан-жақты дамуын болжамдайды.

Қазіргі кезде әлемдік бірігу тенденциясымен қатар ұлттық жіктелудің табиғи процесі де жүріп жатыр: халықтардың өзіндік ерекшелігін, ұлттық құндылықтарын, мәдениетін, тілін сақтауға ұмтылуы бұның бір көрінісі. Бұл заңдылықты Қазақстан Республикасы тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев дәл білдірді: «Консервативтік күштердің еркі мен тілегіне қарамастан, егемендік - ол шындық. Бірде-бір мемлекет одан безбейді. Өркениетті бірігу мемлекеттер егемендігін нығайту және оны толықтырумен қатар жүруге тиіс. Тек осындай ынтымақтастық тұрақтылық пен қауіпсіздіктің белгісі бола алады». [6]

Ұлттық егемендік мемлекеттік егемендік түсінігі сияқты БҰҰ Жарғысында ұлттардың өз тағдырын өздері шешуге егемендік құқылығы туралы қағидасы ретінде және Хельсинки келісімдерінде бекітілген. Көп этносты Қазақстан жағдайында ұлттық егемендік халықтық егемендікпен өзара байланысты. Ұлттың егемендігі халықтың егемендігі үшін негіз болып табылады. Бұл жөнінде Г.С.Сапарғалиев дәлірек айтады: «Мәселе мынада. Қазақстанда жүздеген жылдар бойы өз аумағында өмір сүріп келе жатқан және осында ұлт ретінде қалыптасқан жалғыз ұлт бар, ол – қазақ ұлты». [3, 58] Дүниежүзінде көп елде бірнеше миллион адамды құрайтын қазақ диаспоры бар екендігіне қарамастан, қазақ ұлты жоқ. Алайда Қазақстанда саны елдегі халықтың жартысынан асатын көптеген ұлттардың өкілдері тұрады. Олардың санының елеулі екендігіне қарамастан, оларда ұлттық белгі жоқ. Мысалы, Қазақстанда көптеген орыстар, украиндар, өзбектер, корейлер, ұйғырлар тұрады. Осы этностық топтардың ежелгі заманғы өз отандары бар, сол жерлерде тиісті ұлттар өмір сүреді, бірақ та олар Қазақстан Республикасының азаматтары болғандықтан мемлекет шеңберінде өз тағдырларын өздері шешуге құқығы бар. Бірақ Қазақстан аумағында ұлт болмағандықтан олар мемлекетпен саяси-құқықтық қатынаста елдегі тұрғындардың, халықтың бөлігі ретінде ғана бола алады. Осыған байланысты Қазақстан жағдайында мемлекеттік салада тек бір қазақ ұлтының ғана емес, бүкіл Қазақстан халқының өз тағдырын өзі шешуі туралы айту керек. Саяси тұрғыдан ұлттық егемендік халықтық егемендікпен тоғысып жатыр, осы түрінде мемлекеттік биліктің, мемлекеттік егемендіктің көзі болып табылады.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігін жариялау - Қазақстан үшін өз дамуының жолын дербес анықтау мүмкіндігін ашқан тұңғыш акті болды. Егемендік декларациясы қабылданғаннан кейін арада бір жыл өткенде, 1991 жылғы 16 желтоқсанда “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Конституциялық заң қабылданды. Бұл ерекше оқиға еді. Негізінде «Егеулі найза қолға алып, еңку-еңку жер шалған» қазақтың талайдан бергі арман-тілегі, аңсаған мұраты, күткен келешегі осы еді. Қазақы рухты өрлетіп, «ақ білектің күшімен, көк найзаның ұшымен» келген тәуелсіздігімізге де осы егемендік декларациясының арқасында қол

жетті. Біз ең алдымен егемендігімізді жарияладық, кейін тәуелсіз ел екенімізді Түркиядан бастап барлық ірілі-ұсақты мемлекеттер мойындады. Жас егеменді Қазақстанның Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда өткізілген республикалық референдумда қабылданды.

Сонымен, егеменділік - мемлекет мәні болып табылады. Егеменділік - өзінің қалыптасуы мен дамуының саяси, мемлекеттік биліктің сапасының бәрін қамтитын, тұтас дәрежесіне қол жеткізген сапалы арнайы әлеуметтік билік. Егеменділікті мемлекеттің мәні деп мойындау - яғни егемендікке ие емес немесе «егеменді емес» мемлекеттердің өмір сүруі мүмкін екендігі. Бүгінгі күні осы құндылықтар біздің күнделікті өміріміздің бөлшегіне айналды. Сондықтан еліміздің әрбір азаматының парызы - егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді одан әрі нығайтып, елбасымыз қойған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру.

Қолданылған әдебиеттің тізімі:

1 Руссо Ж.Ж. Об общественном договоре. Трактаты /Пер.с фр. - М.: "КАНОН-пресс", 1998. - 416 с.

2 Тайтолеуов Н.С. Егеменді республиканың қалыптасу кезеңдері. Қазақ менталитетіндегі еркіндік пен тәуелсіздік идеялары. // Саясат, 2002. - №5

3 Сапарғалиев Г.Е Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Оқулық. - Алматы, Жеті жарғы, 2010

4 Зиманов С.З. Одақтық келісім шарт және республиканың егемендігі. - Алматы, 1997.

5 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж. 30 тамыз. - <http://adilet.zan.kz>

6 Назарбаев Н.А. Ұлы мақсаттарды өзінің алдына ұлы халық қана қоя алады (ҚР Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиналыстағы сөзінен) // Ақиқат - 2011. - №1. - Б. - 6-10.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Монай Қ., Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының аға ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі

XX ғасырдың екінші жартысында әлемдік ақпараттық процестердің даму тенденцияларын сараптау барысында ғалымдар: «коммуникация және даму», «мәдени империализм», «коммуникация плюриаризмі» сияқты негізгі үш әдісті атап өтеді. Сол кезеңдері тәуелсіздігін алған жас мемлекеттердің дамуы жайындағы дебаттар батыстағы ғылыми қауымдастықтың өзекті тақырыбына айналған болатын.

Осыған сәйкес «модернизация» термині пайда болды. Дамушы елдердің мәселелерін шешу жолдарын іздестіріп, түрлі нұсқалары ұсынылды. Міне, модернизациялық әдіс аясында бұқаралық коммуникация құралдарына ерекше ден қойылды. Сондықтан аталған проблематика «коммуникация және даму» атты тұтас концептуалдық кешен ретінде қарастырылды. Аталған әдісті қолдаушылар бұқаралық коммуникацияның модернизация процесіндегі мәнін былайша айқындайды.

Бұқаралық коммуникация құралдары ұлттық интеграцияға ықпал етеді; ішкі және халықаралық нарық байланыстарын қамтамасыз етеді; замануи тауарлар мен қызметтерге қажеттіліктерді ынталандырады; даму қорларын шоғырландырады; тұрмыс пен салауатты өмір салты, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп салаларында қазіргі заманғы құндылықтар мен тәсілдердің енуіне ықпал етеді.

Дамыған және дамушы елдердің бұқаралық коммуникация құралдарының қуаттылығы мен мүмкіндіктері арасындағы айырмашылықтар тек «концептуалдық» тұрғыда емес,